



Өз елінің қара тасын
мақтан ете алмаған, өзге
жердің алтынын да
мақтап жарытпақ емес.

(таңдап алған тасымызды барынша
мақтап көрейік)

Қаныш Имантайұлы
Сәтбаев



Қ. Сәтбаевтың ғылыми еңбектері .

- Сәтбаев, Қ. Таңдамалы [Мәтін] / Қ. Сәтбаев. - Шымкент : Оңтүстік полиграфия, 2007. - 384 б.
- Сатпаев, К. Избранные труды [Текст] : в 5 т. / К. Сатпаев. - Алма-Ата : Наука, 1967-1969.
- Т. 1 : Джекказганский меднорудный район. - 1967. - 279 с.
- Т. 2 : Полезные ископаемые Джекказган - Улутауского района.- 1968. - 221 с.
- Т. 3 : Проблемы металлогении и минеральные ресурсы Казахстана. - 1968. - 314 с.
- Т. 4 : Проблемы развития науки в Казахстане. - 1969. - 398 с.
- Т. 5 : Статьи, публицистика и материалы к биобиблиографии. - 1970. - 327 с.
- Сатпаев, К. Избранные труды [Текст] / К. Сатпаев. - Шымкент, 2007.-400 с.



Ақтоғай аудандық орталықтандырылған
кітапхана жүйесі ММ.

Ақпараттық– библиографиялық бөлім.

Құрастырған:Л.Ақжолтаева.

[instagram.com>aktogai_kitaphana_](https://www.instagram.com/aktogai_kitaphana/) /

[facebook.com>okj.akt/](https://www.facebook.com/okj.akt/)

biblioteka-aktogai.gov.kz



Қаныш Имантайұлы 1899 жылдың 12 сәуірінде қазіргі Павлодар облысының Баянауыл ауданында (бұрынғы Семей губерниясының Павлодар уезіндегі Ақкелін болысы) Имантай бидің отбасында дүниеге келді.

Ғалымның негізгі ғылыми еңбектері кентасты кендер геологиясы мен Қазақстанның минералды ресурстарына арналған. Жезқазған кенін зерттеу және Орталық Қазақстанның (Сарыарқаның) металлогендік және болжам картасын жасауда көп еңбек сіңірген. Ол ғылымға формациялық металлогендік анализдің кешендік әдісін енгізген. 1926-1929 жылдары кені мардымсыз өңір болып саналған Жезқазғанды ірі мыс кентасты аудан қатарына көтеруде Сәтбаевтың еңбегі өте зор болды.

Қаныш Сәтпаев
125 ЖЫЛ

12 сәуір-Қазақ ғалымы күні. Ғалым, атақты геолог және металлург, Қазақстан ғылым Академиясының Тұңғыш Президенті Қаныш Имантайұлы Сәтбаевтың туғанына 125 жыл. (1899-1964)



«Ғылым майданының қатардағы жауынгері тек үнемі оқу, іздену, талпыну, тану, өмір мектебінен өту арқылы ғана оның ірі қайраткері дәрежесіне дейін көтеріледі»

Қаныш Сәтбаев.

Қаныш Имантайұлы Сәтбаев, шын есімі – Ғабдулғани (12 сәуір 1899 жылы, Баянауыл ауданы, Павлодар облысы – 31 қаңтар, 1964 жылы, Мәскеу) — геолог-ғалым, минерология ғылымдарының докторы, профессор, академик.

Қаныш Имантайұлы Сәтбаев – Қазақ КСР Ғылым Академиясын ұйымдастырушы және оның тұңғыш президенті, Қазақ КСР Ғылым Академиясының академигі, Кеңес Одағы мен Қазақстанның металлогения мектебінің негізін қалаушы, қазақтың тұңғыш академигі. Ол Қазақстандағы ғылыми және техникалық дамудың көшбасшысы болды. Қазақтан шыққан тұңғыш ғылым докторы, Шығыс елдерінің ғалымдары арасында ғылым мен техника саласындағы КСРО алғашқы академигі, КСРО Мемлекеттік сыйлығының және Қазақстандағы Ленин сыйлығының бірінші иегері болды.

Жезқазған-Ұлытау ауданының жер қойнауын барлауы үшін Ленин орденімен марапатталды (1940). 1942 жылы геология-минералогия ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесін алды. «Жезқазған ауданының кен орындары» еңбегі үшін екінші дәрежелі Сталин сыйлығына ие болды (1942). КСРО Ғылым Академиясының корреспондент мүшесі (1943). «Қазақ КСР ғылымына еңбегі сіңген қайраткер» (1943). Тыл ресурстарын жұмылдыруға қосқан үлесі үшін екінші Ленин ордені мен II дәрежелі Отан соғысы орденімен марапатталды (1945). Қазақстан ҒА тың және тыңайған жерлерді игеруге қосқан үлесі үшін үшінші Ленин орденін алды (1957). Орталық Қазақстанның кешенді металлогеникалық болжамдық карталарын әзірлеуі үшін Ленин сыйлығын жеңіп алды (1958). Қазақстанның геологиялық ғылымын дамытуға және пайдалы қазбаларды зерттеуге сіңірген еңбегі үшін төртінші Ленин орденімен марапатталды (1963).

1924 жылы 25 жасында ғалым қазақ орта мектептерінің оқушылары үшін араб графикасында «Алгебра» оқулығын дайындады, бұл кітап математикалық білім берудің негізін қалады.

Оның есімі бүгінде ғылыми институттарда, университеттерде және көшелерде мәңгілікке қалдырылған.

Қаныш Сәтбаевтың туған күні 12 сәуір Қазақстанда Ғылым қызметкерлерінің күні ретінде бекітілді.